

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 мамырдағы N 391 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер қызметкерлері штат санының лимиттерінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген 4-бөлімде:

"Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы 128" деген жолдағы "128" деген сандар "221" деген сандармен ауыстырылсын;

"Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы 179" деген жолдағы "179" деген сандар "195" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы 63" деген жолдағы "63" деген сандар "88" деген сандармен ауыстырылсын;

"Орал обаға қарсы күрес станциясы 301" деген жолдағы "301" деген сандар "316" деген сандармен ауыстырылсын;

"Талдықорған обаға қарсы күрес станциясы 250" деген жолдағы "250" деген сандар "270" деген сандармен ауыстырылсын;

"Маңғыстау обаға қарсы күрес станциясы 107" деген жолдағы "107" деген сандар "112" деген сандармен ауыстырылсын;

"Шымкент обаға қарсы күрес станциясы 104" деген жолдағы "104" деген сандар "124" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы 182" деген жолдағы "182" деген сандар "204" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы 63" деген жолдағы "63" деген сандар "

103" деген сандармен ауыстырылсын;
"Шалқар обаға қарсы күрес станциясы 55" деген жолдағы "55" деген сандар "
92" деген сандармен ауыстырылсын;
"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген 6-
б ө л і м д е :
"Республикалық микрография ғылыми-зерттеу институты, Орал қ., 165" деген
жолдағы "165" деген сандар "203" деген сандармен ауыстырылсын;
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі" деген 7-
б ө л і м д е :
"Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы 19" деген
жолдағы "19" деген сандар "30" деген сандармен ауыстырылсын;
"Жидебай-Бөрілі" Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы 74" деген жолдағы "74" деген сандар "82"
деген сандармен ауыстырылсын;
"Қазақстан Республикасының Астана қаласындағы Ұлттық академиялық
кітапханасы 100" деген жолдағы "100" деген сандар "115" деген сандармен
ауыстырылсын;
"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі" деген 11-бөлімде:
"Халыққа қызмет көрсету орталықтары 1136" деген жолдағы "1136" деген
сандар "8560" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі